

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі ведомстваларының және оның аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 қыркүйектегі № 396 бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 14 қарашадағы № 337 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.11.2023 № 337 бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" мемлекеттік мекемесінің;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" мемлекеттік мекемесінің;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Алматы облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" мемлекеттік мекемесінің;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Атырау

облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" мемлекеттік мекемесінің;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Шығыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" мемлекеттік мекемесінің;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Жамбыл облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" мемлекеттік мекемесінің;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Батыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" мемлекеттік мекемесінің;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қарағанды облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" мемлекеттік мекемесінің;

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қостанай облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" мемлекеттік мекемесінің;

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қызылорда облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" мемлекеттік мекемесінің;

14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" мемлекеттік мекемесінің;

15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" мемлекеттік мекемесінің;

16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Солтүстік Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" мемлекеттік мекемесінің;

17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" мемлекеттік мекемесінің;

18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Нұр-Сұлтан қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" мемлекеттік мекемесінің;

19) осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Алматы қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің;

20) осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Шымкент қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" мемлекеттік мекемесінің;

21) осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Абай облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің;

22) осы бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Жетісу облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің;

23) осы бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ұлытау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережелері бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 24-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Комитеттер мен аумақтық бөлімшелер осы бұйрықтан туындайтын қажетті шараларды заңнамада белгіленген мерзімде қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті осы бұйрықты өздерінің аумақтық бөлімшелеріне орындау және жұмыс бабында басшылыққа алу үшін жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**"Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті"
республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті (бұдан әрі – Комитет) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру саласында басшылықты жүзеге асырады, реттеу және іске асыру функцияларын орындайтын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) ведомствосы болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет республикалық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. Комитет заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Төрағаның бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Комитеттің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, № 8 үй, "Министрліктер Үйі" ғимараты, 11 кіреберіс.

9. Комитеттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Комитет кәсіпкерлік субъектілерімен Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түспейді.

Егер Комитетке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Комитеттің мақсаты мен міндеттері

13. Мақсаттары:

Орта білім беру саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру;

Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

Тұлғаның зияткерлік, шығармашылық негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы зияткерлікті байыту;

Комитеттің құзыретіне кіретін көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру;

14. Құқықтары мен міндеттері:

Заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қолданыстағы заңнаманы қолдану бойынша түсініктемелер мен түсініктемелер беру;

Комитет қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды жүзеге асыру;

Еңбек кодексінде және Мемлекеттік қызмет туралы заңнамада көзделген жағдайларда және тәртіппен қызметкерлерді көтермелеу, оларға тәртіптік жаза қолдану, қызметкерлерді материалдық жауаптылыққа тарту;

құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен халықаралық шарттарының жобаларын әзірлеуге қатысу;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Комитеттің құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгіну, талап-арыз беру;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, арыздарын және шағымдарын қарау;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған тәртіппен басқа мемлекеттік органдармен, халықаралық ұйымдармен, сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылармен, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органдардың бірлескен актілері негізінде олармен келісім бойынша өзара іс-қимыл жасауға құқылы;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) азаматтардың орта білім беру саласындағы конституциялық құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз ету;

2) білім беру сапасын басқаруды жүзеге асыру, орта білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметтерінің сапасын әдістемелік және әдіснамалық қамтамасыз ету;

3) орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын әзірлеу;

4) орта білім беру саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

5) орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеу;

6) бас бостандығынан айыруға сотталғандардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алуын ұйымдастыру қағидаларын қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті органмен келісу;

7) бастауыш, негізгі, жалпы орта білім беру саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру, салааралық үйлестіруді жүзеге асыру, бастауыш, негізгі, жалпы орта білім берудің халықаралық бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру ;

8) Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын әзірлеу;

9) тиісті үлгідегі және түрдегі орта білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын әзірлеу;

10) меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан. орта білім беру ұйымдарында оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін айқындау;

11) орта білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

12) орта білім беру үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгі шартының нысандарын әзірлеу;

13) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты жүргізуге басшылықты жүзеге асыру және үйлестіру, орта білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын, сондай-ақ қашықтықтан оқытуды ұсыну бойынша орта білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын әзірлеу;

14) оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды дайындау, сараптау, байқаудан өткізу және мониторинг жүргізу, басып шығару

жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларын әзірлеу және осы жұмысты ұйымдастыру;

15) республикалық және жергілікті бюджеттер бекітілгенге дейін орта білім беру ұйымдары үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің тізбесін, оның ішінде электрондық нысанда әзірлеу;

16) жаратылыстану-математикалық цикл пәндері бойынша Президенттік олимпиаданы, жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарын, орындаушылардың республикалық конкурстары мен кәсіби шеберлік конкурстарын ұйымдастыру және өткізу қағидаларын әзірлеу;

17) жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін, оларды іріктеу өлшемшарттарын қалыптастыру;

18) тиісті саланың уәкілетті органдарымен келісу бойынша педагогтер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын әзірлеу;

19) еңбек жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын әзірлеу;

20) педагогтердің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

21) орта білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларын әзірлеу;

22) білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруді ұйымдастыру, оларды сақтау, есепке алу және беру және олармен негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын, ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарын қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларды әзірлеу, олардың пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

23) орта білім беру ұйымдары үшін жекелеген пәндер бойынша базалық оқулық пен оқу-әдістемелік кешенді айқындау;

24) біліктілікті арттырудың ваучерлік-модульдік жүйесінің әдістемесін әзірлеуді ұйымдастыру;

25) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының оқулықтарға және оқу-әдістемелік кешендерге қажеттілігін болжау әдістемесін әзірлеу;

26) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларын әзірлеу;

27) білім алушылардың білімін бағалау критерийлерін әзірлеу;

28) жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарына (ғылыми жарыстарға) қатысушылардың құрамын қалыптастыру қағидаларын әзірлеу;

29) педагогикалық әдеп қағидаларын әзірлеу;

30) педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларын әзірлеу;

31) педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын әзірлеу және бекіту;

32) білімі туралы құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптарды айқындайды ;

33) білім беру ұйымдары, оның ішінде шағын жинақталған мектептер түрлерінің номенклатурасын әзірлеу;

34) орта білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, байқаудан өткізу және енгізу қағидаларын әзірлеу;

35) білім туралы құжаттардың түрлерін, Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ орта білім беру ұйымдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын әзірлеу;

36) Мемлекеттік қызметтер көрсету;

37) "Алтын белгі" белгісі туралы ережені әзірлеу;

38) "Үздік педагог" атағын беру қағидаларын әзірлеу;

39) гранттардың мөлшерін және оларды беру тәртібін белгілей отырып, "Орта білім беретін үздік ұйым" грантын беруге арналған конкурстарды өткізу қағидаларын әзірлеу;

40) орта білім беру ұйымдары педагогтерінің жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын әзірлеу;

41) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) білім беруді басқару органдарының бірінші басшыларын қызметке тағайындауды және қызметтен босатуды келісу бойынша жұмысты ұйымдастыру;

42) педагогтер лауазымдарының тізбесін әзірлеу;

43) педагогтің жұмыс уақыты мен тынығу уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын әзірлеу;

44) тәлімгерлікті ұйымдастыру тәртібін және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды әзірлеу;

45) педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидаларын әзірлеу;

46) үлгілік оқу жоспарларын, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын сараптау және байқаудан өткізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларын әзірлеу;

47) орта білім беру ұйымдары үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды әзірлеу;

48) мемлекеттік орта білім беру ұйымдары педагогтерінің оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді таңдау қағидаларын әзірлеу;

49) жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының, спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын қалыптастыру;

50) соңғы үш жылдың жеңімпаздары мен жүлдегерлері (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен наградталған) жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына білім беру грантын бере отырып қабылданатын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың және орындаушылардың халықаралық конкурстарының, спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын қалыптастыру;

51) жеңімпаздар, жүлдегерлер және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен көтермеленетін жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар тізбесін қалыптастыру;

52) жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне, оларды дайындаған педагогтерге біржолғы сыйақы төлеу қағидаларын, сондай-ақ жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне, оларды дайындаған педагогтерге біржолғы сыйақы мөлшерлерін әзірлеу;

53) халықтың тығыздығына және елді мекендердің қашықтығына қарай орта білім беру ұйымдары желісінің кепілдік берілген мемлекеттік нормативін әзірлеу ;

54) орта білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын, қолжетімділігін арттыруды қамтамасыз ету;

55) Қазақстан Республикасының аумағында танылатын бастауыш білім, Негізгі орта білім, жалпы орта білім туралы құжаттарды тану қағидаларын бекіту ;

56) мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар әзірлеуді ұйымдастыру, оларды бастауыш, негізгі, жалпы орта білім беру саласында іске асыруды жүзеге асыру;

57) мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын бастауыш, негізгі, жалпы орта білім беру саласында орындалған ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар бойынша есептерді әзірлеу;

58) орта білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептілік құжаттарының нысандарын әзірлеу;

59) республикалық орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ халықаралық келісімдерге сәйкес шетелдік мектептерде оқитын отандастарды оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету;

60) орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіру;

61) орта білім беру ұйымдарына әдіснамалық қолдау көрсету;

62) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру жатады.

3-тарау. Комитет Төрағасының мәртебесі және өкілеттіктері

16. Жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты басшы жүзеге асырады.

17. Комитет Төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Комитет төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Комитет төрағасының өкілеттігі:

1) өз орынбасарларының, Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының және қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады;

3) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Комитеттің мүдделерін білдіреді және құқықтық мәселелерге жетекшілік етеді;

4) өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды

Комитет төрағасы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

20. Комитет Төрағасы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4-тарау. Комитеттің мүлкі

21. Комитеттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Комитеттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Комитеттің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

24. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы " " _____
№ бұйрығына
2-қосымшасы

"Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (бұдан әрі – Комитет) Балалардың құқықтарын қорғау саласында реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ ведомствоның құзыреті шегінде Министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысатын ведомство болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясын мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөр таңбалары, сонымен қатар белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. Комитет өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

5. Комитеттің, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Комитет төрағасының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, № 8 үй, Әкімшілік ғимараты "Министрліктер үйі", 11 кіреберіс.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитет қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Комитетке Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілген жағдайда, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі

2-тарау. Комитеттің негізгі мақсаттары, құқықтары мен міндеттері

13. Міндеті:

баланың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
балаларды кемсітуге жол бермеу арқылы олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің негізгі кепілдіктерін нығайту, сондай-ақ бұзылған жағдайларда олардың құқықтарын қалпына келтіру.

14. Құқықтары мен міндеттері:

заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қолданыстағы заңнаманы қолдану бойынша түсініктемелер беру;

Комитеттің құзыретіне жатқызылған қызмет саласында халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысу;

қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру;

басқа мемлекеттік органдармен, халықаралық ұйымдармен, сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылармен Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органдардың бірлескен актілері негізінде олармен келісу бойынша өзара іс-қимыл жасауға міндетті;

Комитет қызметкерлерінің Министрлік және Мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті орган ұйымдастырған біліктілікті арттыру және қайта даярлау курстарына баруын қамтамасыз етуге міндетті;

құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен халықаралық шарттарының жобаларын әзірлеуге қатысу;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Комитеттің құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгінуге, талап-арыз беруге құқылы;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасауға және оларды сот органдарына беруге;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға, олар бойынша хаттамалар жасауға және әкімшілік жазалар қолдануға;

қажет болған кезде тексерілетін субъектілерге бақылау жүргізу кезінде мемлекеттік органдардың және ведомстволық бағынысты ұйымдардың мамандарын, консультанттарын және сарапшыларын тартуға құқылы;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Министрліктің, Комитеттің құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгінуге, талап-арыз беруге құқылы;

өз құзыреті шегінде консультативтік-кеңесші және сарапшылық комиссиялар құру;

қызметкерлерді көтермелеуге, тәртіптік жаза қолдануға және алып тастауға ұсыныс жіберуге;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, арыздарын және шағымдарын қарау;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге міндетті;

әкімшілік рәсімге қатысушыға әкімшілік рәсімді жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

әкімшілік рәсімге қатысушыны тыңдаудың өткізілетін орны, күні және уақыты туралы алдын ала хабардар етуге міндетті;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде көзделген жағдайларды қоспағанда, әкімшілік рәсім бойынша шешім қабылдау алдында әкімшілік рәсімге қатысушыны тыңдауға міндетті;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік актіні әкімшілік рәсімге қатысушының не олардың өкілдерінің назарына жеткізуге міндетті;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген жағдайларда және негіздер бойынша әкімшілік рәсімге қатысушының құқықтарын іске асырудан бас тартуға құқылы;

өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу; ;

комитеттің құзыреті шегінде мәселелерді пысықтау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен үкіметтік емес ұйымдарды, ғылыми және өзге де ұйымдарды, ғалымдар мен мамандарды, оның ішінде шетелдік мамандарды тарту;

Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер және өзге де іс-шаралар өткізу;

отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің қолжетімділігін, хабардар болуын қамтамасыз ету;

отбасы және балалар саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының қолжетімділігін қамтамасыз ету;

отбасы және балалар саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың оларды көрсету тәртібі туралы хабардар болуын қамтамасыз ету;

отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті органдарға тиісті ақпарат беруге міндетті;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) балалар мүддесінде мемлекеттік саясат негіздерін іске асыруды қамтамасыз ету;

2) адам құқықтары жөніндегі уәкілмен, Бала құқықтары жөніндегі уәкілмен, Бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілдермен, Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы үкіметтік емес ұйымдармен және Қазақстан Республикасы ағарту

министрлігі Білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің аумақтық органдарымен балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, әлеуметтік жетімдіктің және басқа да жағымсыз құбылыстардың алдын алу және профилактикасы мәселелері бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асыру балалар ортасында;

3) құзыреті шегінде баланың құқықтарын қорғау саласында жергілікті атқарушы органдарды үйлестіру және оларға әдістемелік басшылық жасау;

4) халықаралық ынтымақтастық ісінде балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органдардың қызметін үйлестіру;

5) облыстардың, Нұр-сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдарының кәметке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияларының қызметін үйлестіру және мониторингілеу;

6) жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз етудің, оларды міндетті түрде жұмысқа орналастырудың мониторингі;

7) тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін үйлестіру;

8) БҰҰ-ның Бала құқықтары жөніндегі комитетіне Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы мерзімді мемлекеттік баяндаманы ұсыну және оны ресми басылымда жариялауға материалдар әзірлеу;

9) Қазақстан Республикасының Президентіне балалардың Қазақстан Республикасындағы жағдайы туралы жыл сайынғы мемлекеттік баяндаманы ұсынуы және балалардың әл-ауқаты индексінің қорытындыларын қоса отырып, оны ресми басылымда жариялауға материалдар әзірлеу;

10) баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша мемлекеттің халықаралық міндеттемелерін орындау және халықаралық ұйымдарда мемлекеттің мүдделеріне өкілдік ету;

11) бала құқықтары туралы, Балаларды қорғау және шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы, Балаларды халықаралық ұрлаудың азаматтық-құқықтық аспектілері туралы конвенциядан туындайтын міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету;

12) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша және Министрліктің актілерінде оларды бекіту бойынша тікелей құзыреті болған кезде нормативтік құқықтық актілерді бекіту;

13) Министрлік жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырыстарын ұйымдастыру және өткізу;

14) өз құзыреті шегінде Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

15) баланың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына қатысты өтініштерді және баланың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзатын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, кәсіпорындардың, олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне немесе әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарау;

16) білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған Денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында балалардың тамақтануын ұйымдастыруға тоқсан сайынғы мониторингті және талдауды жүзеге асыру;

17) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды және іске асыруды жүзеге асыру;

18) Мемлекеттік ең төмен әлеуметтік стандарттарды, балалар өмірі көрсеткіштерінің нормалары мен нормативтерін белгілеу жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

19) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

20) өз құзыреті шегінде балалардың өмір сүру көрсеткіштерінің ең төменгі әлеуметтік стандарттарын, нормалары мен нормативтерін жақсарту жағына қарай жыл сайын қайта қарауды қамтамасыз ету;

21) өз құзыреті шеңберінде білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

22) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету процесін автоматтандыруды және оңтайландыруды қамтамасыз ету;

23) отбасы және балалар саласында жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтер тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу бойынша өз құзыреті шеңберінде ұсыныстар әзірлеу;

24) бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен балалар мүддесіндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

25) бала асырап алу жөніндегі агенттіктерді, жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасы азаматтарының

отбасыларына орналастыруға жәрдем көрсету жөніндегі ұйымдарды аккредиттеуді жүргізу;

26) бала асырап алу жөніндегі агенттіктерді аккредиттеу туралы шешімдерді, бала асырап алу жөніндегі агенттік филиалының және (немесе) өкілдігінің қызметін ұзарту (ұзартудан бас тарту), тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату туралы уәжді шешімдерді беру;

27) Жергілікті атқарушы органдардың білім беруді басқару органдарына, білім беру ұйымдарына, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған Денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарына, девиантты мінез-құлықты балаларға арналған және ерекше режимде ұстайтын арнаулы білім беру ұйымдарына, балалардың білім алу құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі білім беру ұйымдарына бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізімін жасау, тамақтану, тасымалдау, демалыс, сауықтыру және бос уақыт;

28) "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 135-бабы бойынша Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасау;

29) Комитеттің өкілеттіктеріне жататын мәселелер бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне бақылауды жүзеге асыру;

30) баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

31) өтініш берушінің Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында белгіленген талаптарды сақтауын тексеруді жүзеге асыру;

32) облыстардың, Нұр-сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармаларының, қалалар мен аудандардың білім бөлімдерінің, білім беру ұйымдарының, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған Денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарының қызметін бақылау;:

балалардың білім алу құқықтарын қамтамасыз ету;

білім беру ұйымдарында балалардың тамақтануын ұйымдастыру мәселесі;
шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды мектепке және кері қарай үйге тегін жеткізу мәселесі;

балалардың демалысы, сауықтырылуы және бос уақыты мәселелері;

кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, зорлық-зомбылықтың, буллингтің, балалардың қадағалаусыз және панасыз

қалуының, кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтің және балалар ортасындағы басқа да жағымсыз құбылыстардың профилактикасы мәселесі;

33) Жергілікті атқарушы органдардың, облыстардың, Нұр-сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармаларының, қалалар мен аудандардың білім бөлімдерінің, білім беру ұйымдарының, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған Денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарының қызметін үйлестіру;

34) Жергілікті атқарушы органдардың, облыстардың, Нұр-сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармаларының, қалалар мен аудандардың білім бөлімдерінің, білім беру ұйымдарының жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың және балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың республикалық деректер банкіні қалыптастыру мен пайдалану жөніндегі қызметін бақылау;

35) Жергілікті атқарушы органдардың, облыстық, Нұр-сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармаларының, қалалар мен аудандардың білім бөлімдерінің, білім беру ұйымдарының бала асырап алу, қамқоршылық, қорғаншылық, патронат, қабылдау және Бала қонақтайтын отбасы мәселелері бойынша қызметін үйлестіру және бақылау;

36) шетелдіктерге асырап алуға берілген балаларды бақылауды жүзеге асыру;

37) өз құзыреті шегінде арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

38) өз құзыреті шеңберінде Отбасы және балалар саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасына ішкі бақылауды жүзеге асыру;

39) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру жатады.

3-тарау. Комитет төрағасының мәртебесі мен өкілеттігі

16. Комитет басшылығын Төраға жүзеге асырады, ол жүктелген міндеттердің орындалуына және Комитеттің функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Комитеттің төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Комитет төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Төрағаның өкілеттілігі:

1) Министрліктің басшылығына Комитеттің құрылымы мен штат кестесі бойынша ұсыныстар береді;

2) Министрлік Аппаратының Басшысына комитет персоналын іссапарға жіберу, біліктілігін арттыру, көтермелеу, оған тәртіптік жаза қолдану және алып тастау мәселелері бойынша ұсыныстар енгізеді;

3) өз құзыретіне кіретін, Комитеттің барлық қызметкерлері орындауға міндетті мәселелер бойынша құқықтық актілер шығарады, нұсқаулар береді;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Комитеттің атынан өкілдік етеді ;;

5) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге және Мемлекеттік қызмет туралы заңнама талаптарын сақтауға бағытталған шаралар қабылдау бойынша жалпы басшылықты жүзеге асырады, қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтауын қамтамасыз етеді;

6) қызметкерлердің Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін, орындаушылық және еңбек тәртібін сақтауын бақылайды; ;

7) заңдарға және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Төраға болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Комитет төрағасы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4-тарау. Комитеттің мүлкі

21. Комитеттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Комитеттің мүлкі оған мемлекет берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Комитеттің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

24. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы " " _____
№ _____ бұйрығына
3-қосымша

"Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – Комитет) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) құзыреті шегінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру деңгейлерінде, қосымша білім беру, балалар мен педагогтердің құқықтарын қорғау саласында, Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасының талаптарын сақтау жөніндегі қызметіне қатысты іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын ведомство болып табылады, сондай-ақ ведомствоның құзыреті шегінде Министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы мемлекеттік тілде көрсетілген мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. Комитетке Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген болса, ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет төрағасының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй, "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараты, 11-кіреберіс.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Комитетке Қазақстан Республикасының заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Комитеттің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері

13. Мақсаттары:

1) ведомствоның құзыреті шегінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысуы;

2) білім беру жүйесінің сапасын сырттай бағалау, мемлекеттік бақылау жүргізу жолымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары көрсететін білім беру қызметтерінің жоғары сапасын қамтамасыз ету мақсатында білім беру саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыруы.

14. Құқықтары мен міндеттері:

заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қолданыстағы заңнаманы қолдану жөніндегі түсіндірмелер мен түсініктемелер беру;

өз құзыреті шегінде консультативтік-кеңесші және сарапшылық комиссиялар құру;

Комитет қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің және мемлекеттік қызмет туралы заңнамасында қарастырылған тәртіппен қызметкерлерді көтермелеу, оларға

тәртіптік жазалар қолдану және мерзімінен бұрын алу, қызметкерлерді материалдық жауапкершілікке тарту бойынша ұсыныс жолдау;

құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен халықаралық шарттарының жобаларын әзірлеуге қатысу;

ведомстволардың аумақтық бөлімшелеріне орындалуы міндетті нұсқаулар беру;

Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау, олар бойынша хаттамалар жасау және әкімшілік жазалар қолдану;

тексерілетін субъектілерге бақылау жүргізу кезінде мемлекеттік органдардың және ведомстволық бағынысты ұйымдардың мамандарын, консультанттарын және сарапшыларын тарту;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Министрліктің құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгіну, талап-арыз беру;

қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған тәртіппен басқа мемлекеттік органдармен, халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің қолжетімділігін қамтамасыз ету;

мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы тұтынушыларды ақпараттандыру;

мемлекеттік қызметті көрсету саласындағы уәкілетті органдарға тиісті ақпарат ұсыну;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) рухани білім беруге арналған жұмыс істеу қағидаларына сәйкес Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы білім беру қызметімен айналысуға лицензиялауды электрондық түрде жүзеге асыру;

2) білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру, білім беру ұйымының қайта ұйымдастырылуына байланысты

білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу мәселелерін алқалы және жария қарау үшін консультациялық-кеңесші орган құру;

3) Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы оның жұмыс істеу қағидаларына сәйкес электрондық түрде:

бастауыш білім;

негізгі орта білім;

жалпы орта білім;

біліктіліктер бойынша техникалық және кәсіптік білім, әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандықтардың топтары бойынша білім беру қызметімен айналысуға лицензиялауды жүзеге асыру бойынша жұмысын үйлестіру;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша берілгенге дейін өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігіне бақылау субъектісіне барумен профилактикалық бақылауды жүзеге асыру;

5) меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асырып жатқан білім беру ұйымдарында білім беру қызметімен айналысуға берілген лицензиялар бойынша біліктілік талаптарына сәйкестігіне жүргізілетін тексерулер жүргізу;

6) талаптарға сәйкестігін тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың орындалу мәніне жоспардан тыс тексеру жүргізу;

7) бақылау және тексеру іс-шараларының нәтижелері бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасау, білім саласындағы уәкілетті органның құзыретіне кіретін баптар бойынша Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жаза қолдану, оларды қозғау және сот органдарына беру, сот процестеріне қатысу;

8) Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасының анықталған бұзушылықтарын ұйғарымда белгіленген мерзімде жою туралы орындалуы міндетті жазбаша ұйғарымдар беру;

9) Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің денсаулық сақтау саласында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда, меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан:

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын;

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан білім беру ұйымдарына мемлекеттік аттестаттауды жүргізу бойынша жұмысты үйлестіру;

10) меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру және қосымша білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасы заңнамасының және білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілердің, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының орындалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

11) білім беру ұйымдарының бағалау өлшемдерін әзірлеу;

12) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері негізінде бақылау субъектілеріне бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізудің жартыжылдық тізімін әзірлеу;

13) аккредиттеу органдарын, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарын тану рәсімін жүзеге асыру;

14) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі білім беру деңгейлері бойынша танылған аккредиттеу органдарының, аккредиттелген білім беру ұйымдарының және білім беру бағдарламаларының тізілімдерін қалыптастыру;

15) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету процесін автоматтандыруды және оңтайландыруды қамтамасыз ету;

16) білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторингілеу жүргізу;

17) білім беру жетістіктерін мониторингілеу нәтижелері бойынша білім беру ұйымдарына әдіснамалық қолдау көрсету;

18) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою жөніндегі Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің жұмысын үйлестіру;

19) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттарды тану қағидаларын әзірлеу;

20) бақылаушы ретінде мектептердегі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестердің отырыстарына қатысатын Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің қызметін үйлестіру;

21) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу жөніндегі Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің қызметін үйлестіру;

22) Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыру жұмысын үйлестіру;

23) Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен, хабарлама жасау тәртібімен жүзеге асырылатын білім беру ұйымдарының қызметін тоқтата тұру жұмысын үйлестіру;

24) білім беру ұйымдарының мектептерді, авариялық және үш ауысымды мектептерді салу, күрделі және ағымдағы жөндеу, материалдық-техникалық қамтамасыз ету және бейнебақылау жүйелерімен және санитариялық-гигиеналық жайлылықпен (жылы дәретханалар) жарактандыру, оқулықтармен қамтамасыз ету, Қамқоршылық кеңестердің қызметі, балалар мен педагогтердің құқықтарын қорғау мәселелеріне дайындығына мониторинг жүргізу жөніндегі Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің қызметін үйлестіру;

25) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беруді басқару органдарында педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының сақталуына мониторинг (талдау) жүргізу бойынша Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің қызметін үйлестіру;

26) Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің қызметін үйлестіру және ішкі бақылау, сондай-ақ оларға Комитет қызметінің бағыттары бойынша әдістемелік көмек көрсету;

27) білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, академиялық білімін, мәтінді түсіну сапасын және компьютерлік және ақпараттық сауаттылығын бағалау, сондай-ақ мұғалімдердің жұмыс жағдайын бағалау бойынша халықаралық зерттеулер жүргізуді үйлестіру;

28) Комитеттің негізгі бағыттағы қызметі бойынша Алқа отырыстарын өткізу ;

29) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу;

30) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және келісу, сондай-ақ Комитет жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың қызметін ұйымдастыру;

31) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін, ескірген, сыбайлас жемқорлықты тудыратын және тиімсіз іске асырылатын құқық нормаларын анықтау, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе олардың күші жойылды деп тану жөнінде уақытылы шаралар қабылдау үшін Комитет әзірлеген және (

немесе) іске асыратын заңға тәуелді актілерге қатысты тұрақты негізде мониторинг жүргізу;

32) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

3-тарау. Комитет басшысының мәртебесі және өкілеттіктері

16. Комитетке басқаруды Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты Төраға жүзеге асырады.

17. Комитеттің Төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Комитет Төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Комитет Төрағасының өкілеттігі:

1) Министрліктің басшылығына Комитеттің құрылымы мен штат кестесі бойынша ұсыныстар береді;

2) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізеді;

3) Министрліктің Аппарат басшысына қызметкерлерді көтермелеу, оларға тәртіптік жазалар қолдану және мерзімінен бұрын алу, қызметкерлерді материалдық жауапкершілікке тарту, іссапарға жіберу, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру мәселелері бойынша ұсыныстар енгізеді;

4) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша құқықтық актілер шығарады, Комитеттің және оның аумақтық органдарының барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын сұрақтар бойынша нұсқау береді;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Комитеттің атынан өкілдік етеді ;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге бағытталған шараларды қабылдау жұмысына басшылық жасайды, қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалар талаптарын сақтауын қамтамасыз етеді;

7) қызметкерлердің Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін, орындаушылық және еңбек тәртібін сақтауын бақылайды;

8) білім саласында уәкілетті органның құзыретіне кіретін баптар бойынша Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне

сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жаза қолданады, оларды қозғайды және сот органдарына береді, сот процестеріне қатысады;

9) Қазақстан Республикасы заңдары мен Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес өзге де өкілеттілікті жүзеге асырады.

Төраға болмаған кезде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

20. Басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4-тарау. Комитеттің мүлкі

21. Комитеттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Комитеттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Комитет өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

23. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Комитеттің қарамағындағы аумақтық бөлімшелердің тізбесі

1. Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті.
2. Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті.
3. Алматы облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті.
4. Атырау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті.
5. Шығыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті.
6. Жамбыл облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті.
7. Батыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті.
8. Қарағанды облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті.

9. Қостанай облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті.

10. Қызылорда облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті.

11. Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті.

12. Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті.

13. Солтүстік Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті.

14. Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті.

15. Нұр-Сұлтан қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті.

16. Алматы қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті

17. Шымкент қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті.

18. Абай облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті.

19. Жетісу облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті.

20. Ұлытау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті